

№52 (2982) 21/06/2024

ТАЛАПТАР САҚТАЛУЫ ТИІС

Улан ОРАЗ, Астана



Көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті жолаушылар вагондарының күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы хабарлады.

Аталған департамент өкілдерінің айтуынша, талаптарға сай келмейтін вагондарды пайдалануға болмайды. Мысалы, суық және ыстық сумен жабдықтау жүйесі, жылу, желдету, электр жарығы, санитарлық-техникалық жабдықтар, тоназытқыштар, дәретханалардағы су ағызу тетігінде ақаудың болуы, іші лас, әйнектері сынған немесе жоқ болуы, жылдың салқын және ауыспалы кезеңінде терезе жақтауларының бекітілмеуі, есіктерінің ақаулы болуы, сонымен қатар вагонда жәндіктер мен кеміргіштер болса, жабдықтармен, төсек-орын керек-жарақтарымен жеткіліксіз түрде жабдықталмаған жағдайда талап бұзылады.

– Пойыздарда вагондардың тазалығын сақтау – міндет, күпелер мен дәліздерді дымқыл шүберекпен тәулігіне кемінде екі рет, ал дәретханаларды кемінде төрт рет тазалап тұру керек. Барлық тасымалдаушылар мен жолаушыларды белгіленген санитарлық ережелер мен гигиеналық нормаларды сақтауға шақырамыз. Егер жолаушы талаптардың бұзылуына куә болса, көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне тиісті өтінішпен жүгіне алады, – дейді Көліктегі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Жанар Оразалина.

ТОРАПТЫҚ ЖИЫН ӨТТІ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл



Шу теміржол торабында еңбек қауіпсіздігін сақтау және алдын алу мәселелерін қамтыған кезекті жиын өтті. Басқосуға «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының бас инженері Дүйсенбек Сыдықов пен Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Дәулетбек Жолдасбаев қатысты.

Жиында бірқатар мекеме басшыларының күн тәртібіндегі тақырып бойынша жасаған талдаулары тыңдалды. Алдын ала жүргізілген талдау-сараптау жұмыстары кезінде мекемелерде бірқатар кемшіліктер анықталған.



Суретті түсірген автор

Өндірісте еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтамау – қауіп-қатердің туындау ықтималдығын арттыратыны белгілі. Кей жағдайларда мамандар нұсқамаларды естен шығарып алып жатады. Қарапайым ескертулерді орындамаудың салдары үлкен өкінішке ұрындыруы мүмкін.

Жиын соңында Шу локомотив пайдалану депосының 4 қызметкеріне сый-құрмет көрсетіп, зейнетке шығарып салды. Олар – ұзақ жылдар осы депода қарапайым жұмысшыдан бастап, электровоз машинисі, слесарь болып еңбек етіп, теміржолды дамытуға елеулі үлес қосқан тәжірибелі мамандар.

Шу локомотив пайдалану депосының электровоз машинистері Бақытжан Ногайбеков пен Самат Байтұлеков қырық жылға жуық еңбек етіп, талай шәкірт тәрбиелеген майталмандар. Ал Жетпісбай Мырзабаев пен Анатолий Кочетов локомотивтерді тексеру жөніндегі слесарь болып жұмыс істеді. Алғашқысының теміржолдағы еңбек тәжірибесіне биыл 41 жыл толса, Анатолий Григорьевичке – 40 жыл.

Сала басшылары білікті мамандарға алғыстарын жеткізіп, лайықты сый-құрметпен шығарып салды.

Суретті түсірген автор

КИІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Ислам ТАЛҒАТ, Астана



Киіктердің қауіпсіздігі мен қоныс аударуын қамтамасыз ету мақсатында Қарағанды және Ұлытау облыстарына қарасты Жарық – Жезқазған темір жолы арқылы жабайы жануарлардың жүріп өтетін жолдарының бар-жоғын зерттеу үшін бірлескен сапар ұйымдастырылды.

Көшпелі комиссияға Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының, Қазақстандық биоәртүрлілікті сақтау қауымдастығының, Ұлытау облысы аумақтық орман шаруашылығы инспекциясының және Жанаарқа ҚТЖ жол дистанциясының өкілдері қатысты. Тексеру барысында 16 болжамды миграция учаскесі анықталды.

Көшпелі комиссияның ұсынысы бойынша оларға теміржолшылар 70 км қашықтықта темір жол бойындағы қоршауларды бөлшектеу және ашу бойынша жұмыстар жүргізді. Осы учаскеде 6 мал айдау орны салынды. Сонымен қатар киіктің жүріп өтетін жолдары саналатын Жезқазған – Сексеуіл, Шалқар – Бейнеу учаскелерінде жабайы жануарлар үшін арнайы өту орындары жобаланған. Мұнда қоныс аудару маусымында теміржолшылар жануарларды теміржол арқылы өткізу жұмыстарын ұйымдастырады.

Темір жолдағы қоршаулар пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қараусыз қалған малға соқтығысу жағдайларын азайту үшін орнатылады. Мал жаю ережесі бойынша теміржолшылар көлік полициясымен бірлесіп мал иелерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

ТҮРКІСТАН СТАНЦИЯСЫ: ӨТКЕЛДІН ЖАЙЫ ӨЗЕКТІ...



Түгел түркінің астанасы атанған Түркістан қаласы облыс орталығына айналғалы мұнда жолаушы ағыны да, станцияға келіп-кетер жүк вагондарының айналымы да күрт жоғарылады. Сондықтан қауіпсіздік шараларына жіті көңіл бөлінуде.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Шымкент-Түркістан

Осы мақсатта Түркістан станциясындағы теміржол маңын мекен ететін тұрғындарға орын алуы мүмкін қауіп-қатерге қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жиі жүргізілуде. Күні кеше аталған нысанда станция бастығы Қадыр Сырлыбеков пен мекеменің салаға жауапты мамандары, Түркістан станциясындағы желілік полиция бөлімінің бірінші орынбасары, подполковник Саяуш Мұқашев, желілік полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Серік Нұрлыбаев пен патрулдік полиция тобының өкілдері және Әскерилендірілген теміржол күзегі Түркістан филиалының күзетшілері қатысқан рейдтік шара ұйымдастырылды.

ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУДЕ?

Шара аясында тұрғындарға темір жолдың қауіп-қатері түсіндіріліп, қауіпсіздік қағидаларын қамтамасыз етуге қатысты ескертпелер айтылды. Негізінен, мұндай шаралар арнайы кесте бойынша тұрақты түрде өтіп тұрады. Ал станция паркінде қауіпті аймақ ретінде үш өткел аталады. Оның бірі «Оңтүстік» болса, екіншісі – «Солтүстік» алқымы. Ал үшіншісі станцияға іргелес 3-4 шақырым қашықтықта орналасқан «Бекзат» (ел аузында «Түрік ауылы» аталады) ықшамауданына жақын рұқсат етілмеген өткел.

Қазіргі кезде станция басшылығы телеграфтық нұсқамаларға сай, ақпараттық-насихат жүргізуде жергілікті БАҚ пен әлеуметтік желілерді тиімді пайдаланып келеді. Сондай-ақ арнайы ескерту тақтайшалар іліп, ұнпарақтар да үнемі үлестіріліп жатады. Өйткені осыдан 5-6 жыл бұрын дәл осы аталған тұстарда адамдардың қатысуымен 2-3 қайғылы оқиға тіркелген екен. Станция басшылығы жергілікті әкімдік пен тиісті мекемелерге аспалы көпір салуды сұрап хат жазып, талай жиындарда дерек-дәлелдерді алға тартып, дабыл қаққан. Нәтижесінде станция паркінің екі тұсынан жауу жүргішілерге арнайы көпір салу жөнінде шешім қабылданған.

– Қазіргі кезде «Оңтүстік» алқымы маңында құрылыс жұмыстары қолға алынды. Жыл соңына дейін қолданысқа беріледі деп жоспарланып отыр.

Ал енді «Солтүстік» алқымындағы қызметтік өткел орнына түсуі тиіс көпірді қала әкімдігі «Түрік ауылы» жағына салатын болып өзгерткен. Ендігі жерде «Солтүстік» алқымы маңындағы тұрғындар теміржолшыларға арналған өткелді амалдап пайдалана тұруына тура келеді, – дейді станция бастығы Қадыр Қанлыбайұлы.

Бүгінгі таңда Түркістан станциясынан тәулігіне 30 жүп жүк және жолаушылар пойызы өтеді. Оның үстіне адамдар ары-бері қатынайтын рұқсат етілмеген



болып шықты. Мұнда вокзал мен станция паркінің атшаптырым аумағы алақандағыдай анық көрінеді.

– Осы бейнебақылау камералары арқылы біз негізгі басымдықты айыпшпұл салып жазалауға емес, профилактикалық шаралар ретінде қолдануға тырысамыз. Көп жағдайда ескерту берумен шектелміз, – дейді Саяуш Маратұлы.

Тәртіп сақшыларының түсіндіруінше, станция паркінің қақ ортасындағы бағана басына орнатылған камераның таспаға сапалы жазатыны соншалық, ұшқан құс пен жүгірген ит, мысықтың түр-түсіне дейін тұнық көрсетеді.

Сол сияқты парк аумағында жұмыс істейтін теміржолшылардың талапқа сай киініп, нұсқаулық бойынша әрекет етулері де осы жерден бақыланады. Оған қоса, пойызға мініп-түсіп жататын жолаушылардың жүріс-тұрысы да (темекі тұқылын тастау мен түкіре салу, екінші жолға арнайы өткелмен емес, рельс үстінен өту сынды оқиғалар) бақылау орталығында мұқият зерделенеді екен.

Станциядағы әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Серік Нұрлыбаевтың айтуынша, өздері қызмет көрсететін учаскеде 5 бірдей білім ошағы бар. Сондықтан олар әр аптаның соңғы үш күнінде теміржол мекемелерінің өкілдерін қатыстыра отырып, «Темір жол – аса қауіпті аймақ» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп тұрады.

– Жыл басынан бері 58 ұсақ мал мен 28 ірі қараның жол бойына шығып кетуі салдарынан жылжымалы құрамдар шұғыл тоқтауға мәжбүр болды. Қараусыз мал иелері анықталып, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 559-бабының 1-бөлігінде көрсетілген нұсқама бойынша айыпшпұл салынды, – дейді ол.

Суреттерді түсірген автор

ЕРТІСТЕ ЕРЕКШЕ ҚҰРАМ ҚАТЫНАЙТЫН БОЛАДЫ



Өткен күзде Абай облысының орталығы Семей қаласында, нақтырағы Ертіс ортасындағы «Бейбітшілік» аралына пойыз қатынасын жүргізу бойынша тың жоба қолға алынғанын хабарлағанбыз. Жуырда аталмыш жобаның екінші кезеңі басталып, құрылыс жұмыстарымен қатар жылжымалы құрамдар жеткізілуде.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Жалпы, аралда кеңес заманында балалар пойызы болған еді. Алайда, жаңа жобаның ауқымы кең, тек өскелең бұйына ғана емес, жолаушы тасымалындағы күрмеулі мәселелерді шешуде қалалықтардың барлығына да ортақ игілік болмақ.

Аталмыш жобаның бірінші кезеңі бойынша осыған дейін бұл аймақтың топографиялық картасы түзіліп, облыстық әкімдік электр энергиясымен жүретін заманауи тартым құрамын сатып алды. Оған лайықталған арнайы вагондардың қажетті бөлшектері де жеткізілді.

– Өткен жылы жобаның алғашқы кезеңі бойынша жұмыстар жүргізіген болатынбыз. Соның нәтижесінде арнайы тапсырыспен жылжымалы құрам бөліктері алынды. Оны құрастыру жұмыстарымен алдағы уақыттарда Ресейдің Удмуртия елінің жеке компаниясы айналысады. Екі қазіргі таңда жобаның екінші кезеңі бойынша нақты іс-шаралар қолға алынды. Оның аясындағы жұмыстар осы жазда аяқталатын болады, – дейді бұл орайда мердігер компания жетекшісі Геннадий Пьянов.

Ендігі аралықта рельстерді төсеу жұмыстары басталмақ. Қазіргі күндері мердігер компания байырғы балалар теміржолының ізі бойынша даяр-



жұмыстарын жүргізуде. Теміржол төсемі салынатын аумақ қалың өскен ағаш пен көпжылдық бұталардан, шөптер мен күресіннен тазартылып, тегістелуде. Айта кетерлігі, құрылысты жүргізетін компания әрбір шабылған ағаштың төлемі ретінде он данадан көшеттер отырғызуды да көздеп отыр.


Айта кетсек, бастапқы жоба бойынша ерекше жылжымалы құрам Ертіс үстінен өтетін орталықтағы жаю жүргізіліп көпірінен бастап, аралдағы бар-

лық маңызды нысандар аралығында тұрақты қатынайтын болады. Соның ішінде балаларға арналған биологиялық орталық және аралдағы жағажай мен жеке сектордағы тұрғындарға да лайықты қызмет көрсетілетек. Бұйырса, алдағы уақытта Семей мен Бейбітшілік аралы арасында ерекше жылжымалы құрам жүйікті. Пойыздың іске қосылуына байланысты аралға қатынайтын автотөлік қатынасына шектеу қою шаралары көзделуде. Мақсат – қалалықтар мен шаһар меймандарының жиі ат шалдыратын демалыс орны, тарихи мәні бар арал табиғатын сақтап қалу.

Ал жаңа желінің толықтай іске қосылуымен қала ішіндегі жолаушылар қозғалысы жандана түспек. Ол жылдың төрт мезгілінде де қызмет көрсететін болады. Ал жаңа жоба жүзеге асқан соң қозғалыс қызметі кластан тыс Семей станциясына, ал желі күтімі Семей жол дистанцияның қарамағына берілетек. Бұл, сөз жоқ, аталмыш мекемелердің қызметін кеңейте түсетін болады.

Суреттерді түсірген автор

В НОГУ С НОВАЦИЯМИ



ОБУЧЕНИЕ

В Астане в филиале АО «НК «КТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожной отрасли» стартовала Корпоративная программа развития «Үздіктер алаңы» для ключевых работников дистанций электроснабжения Дирекции магистральной сети.



Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

В рамках торжественного открытия с видеообращением к участникам программы обратился заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ» Канат Альмагамбетов: – Здесь собрались лучшие специалисты в области энергетики. Но, как известно, любая работа требует получения новых знаний и навыков, которые повлияют на качество и эффективность вашей работы. Корпоративная программа развития, которая продлится два месяца, поможет вам узнать о новых технологиях, применяемых в мире, в железнодорожной отрасли, и позволит вам, как руководителям, более

уверенно и грамотно выстраивать работу коллектива, успешно выполнять задачи, которые ставятся руководством компании.

В свою очередь директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Алихан Краубаев отметил важную роль обучения и развития в современном мире, их влияние на эффективность деятельности железнодорожной отрасли.

Корпоративная программа развития разработана Департаментом управления человеческими ресурсами совместно с Дирекцией магистральной сети для развития компетенций персонала, связанного с обеспечением производственной безопасности и направлена на повышение уровня личной и командной эффективности,

создание пула профессионалов Компании.

Трехмесячное обучение в течение двух месяцев пройдут 25 начальников производственно-технических отделов и 34 старших энергодиспетчера.

– Нами был проведен анализ деятельности данных должностей, который показал, что эти категории работников являются основными организаторами и реализаторами инженерно-технической и оперативной деятельности дистанции электроснабжения. Если говорить про инженера ПТО (начальника технического отдела), то они являются мозговым центром станции электроснабжения. Буквально вся переписка, все планы развития, мероприятия, дорожные карты, учёт и реализация электрической энергии, все проходит через их руки. То есть нагрузка очень большая, – подчеркнул директор департамента электрификации и энергетики филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Рысбек Ахметбеков.

В рамках программы обучения запланировано проведение интерактивных занятий, практическая отработка новых знаний, нетворкинг и получение обратной связи от профильных экспертов, привлечение как внешних провайдеров, так и внутренних тренеров Компании, развитие Hard, Soft и Digital skills.

В целом, процесс обучения охватит новейшие технологии и методы работы в сфере электроснабжения, что позволит сотрудникам быть в курсе последних тенденций и инноваций. Особое внимание будет уделено технике безопасности, что позволит минимизировать риски и предотвратить несчастные случаи на производстве. Также программа направлена на оптимизацию ресурсов для повышения эффективности работы всей системы электроснабжения.

27 июля 2024 года планируется подведение итогов практических заданий и проведение панельной сессии с представителями энергетической отрасли.

Фото автора

ХОРОШАЯ МОТИВАЦИЯ



БЕЗОПАСНОСТЬ

Осмотрщики ПТО станции Оскемен-1 Асылжан Ардабаева и Айдын Мусин, предотвратившие угрозы безопасности движения поездов, получат денежные премии.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Оба работника в период четырехмесячника «Контроль боковой рамы» обнаружили опасные дефекты в вагонах.

Айдын Мусин при техническом обслуживании грузового поезда № 2331 29 декабря 2023 года выявил трещину большого зуба автосцепки в одном из вагонов. Днем 2 января 2024 года Асылжан Ардабаев, проводя такое же техобслуживание другого грузового поезда, выявил литейный дефект раковин и микротрещины, идущие вглубь металла на 15-20 мм. Они находились в



зоне радиуса R-55 буксового проема боковой рамы. Также осмотрщик обнаружил сквозной литейный дефект на верхнем поясе боковой рамы.

– Конечно, требуется внимательность, чтобы найти дефек-

ты. Считаю, мне помогает мой опыт. Работаю в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо (ВЧД-24) уже 17 лет, – рассказывает Асылжан Ардабаев.

– При обнаружении дефектов мы сначала их измеряем, а при

превышении допустимых норм передаем информацию оператору депо, ставим в известность руководство.

Четырехмесячник «Контроль боковой рамы» длился в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо с 15 ноября 2023 года по 15 марта 2024 года. По информации осматривщиков, они выявляют каждый год несколько дефектов.

Решение о премировании приняли на оперативном совещании в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», которое прошло 29 апреля текущего года под председательством исполнительного директора Адила Рахметжанова. На совещании рассмотрели вопросы мотивации работников по всему Казахстану, которые предотвратили угрозу безопасности движения поездов. Всего по Семейскому отделению грузовых перевозок премируют пять человек. Помимо осматривщиков ВЧД-24, это работники станций Куль, Жана-Семей, ПТО станции Семей.

Фото автора

СОХРАНЯЯ ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Эффективная работа отдела пути Алматинского отделения магистральной сети является залогом надежности и безопасности функционирования железнодорожного транспорта. Благодаря профессионализму и ответственности сотрудников отдел успешно справляется с поставленными задачами, обеспечивая высокие стандарты качества и безопасности.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Средняя балловая оценка по хозяйству пути с начала года составила 55 баллов при плане 63.

Стоит отметить, что основные задачи этого отдела – техническое обслуживание, ремонт и модернизация железнодорожных путей, что является основой для стабильного движения поездов. Регулярное проведение осмотров и проверок железнодорожного полотна позволяет своевременно выявлять и устранять потенциальные проблемы. Это включает в себя проверку шпал на наличие износа, трещин и других дефектов, креплений и балластного слоя. Особое внимание уделяют состоянию стыков, стрелочных переводов, кривых участков пути, рельсовых цепей, плавности бесстыкового пути. Ведь железнодорожный путь постоянно находится под воздействием проходящих по нему поездов, поэтому он должен быть постоянно в исправном состоя-

нии, а своевременный ремонт или замена поврежденных элементов помогают предотвратить аварийные ситуации.

В отделении магистральной сети эксплуатируется 1 137 пар плетей, в том числе по главным путям – 1 060, по станционным путям – 77. Протяженность бесстыкового пути составляет 1 645,335 километра. На главных путях – 1 586,44 километра, на станционных путях – 58,895 километра.

Всего в отделении 48 пар плетей длиной до перегона ПЧ-41 (3), ПЧ-43 (9), ПЧ-45 (1), ПЧ-46 (7), ПЧ-62 (28) протяженностью 501,86 километра, 331 пара плетей длиной до блок-участков.

В целях улучшения состояния пути, важной оценки и плавности хода в отделении выполняется работа по выправке пути с применением путевого машин, которые играют ключевую роль в обеспечении эффективного и качественного обслуживания железнодорожной инфраструктуры, значительно ускоряя и облегчая



выполнение различных задач.

– Важным аспектом нашей работы является обеспечение безопасности железнодорожного движения. Для этого внедряются современные системы мониторинга и контроля состояния путей, мы тесно взаимодействуем с другими отделами и службами железнодорожной сети для координации и обеспечения слаженной работы, – говорит начальник отдела пути Руслан Нурболат.

Стоит также сказать, что отдел пути уделяет внимание эко-

логическим аспектам своей деятельности, стремясь минимизировать негативное воздействие на окружающую среду при проведении строительных и ремонтных работ.

В этом году запланировано строительство 88,5 километра скотоизгородей на участках Достыкской, Уштобинской, Алматинской и Алтынккольской дистанций пути. Данная мера служит для защиты путей от выхода на них скота.

Фото автора

ПРОРЫВ В БУДУЩЕЕ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПЕРЕВОЗКИ

В Костанайском регионе продолжают наращивать объемы контейнерных перевозок.



Как сообщил начальник отдела логистики филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Кенес Дюсекеев, за пять месяцев с начала года всего было погружено 5 535 фитинговых платформ (312,8 тысячи тонн) в 10 713 контейнерах. Из них сформировано 164 организованных маршрута. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года, погрузка в контейнерах увеличена на 156 контейнеров (на 10%).

Что касается номенклатуры отправляемых грузов, то они были следующие:

зерновых культур отгружено 1 816 фитинговых платформ в 3 549 контейнеров, продуктов перемола – 3 423 фитинговые платформы в 6 664 контейнерах, асбеста – 295 фитинговых платформ в 498 контейнерах.

Между тем наибольших объемов контейнерных перевозок костанайским железнодорожникам удалось добиться за последний отчетный месяц май. В этот период погружено 1 244 фитинговые платформы в 2 380 контейнерах. Из них сформировано 40 организованных маршрутов. В сравнении с периодом прошлого года, погрузка была увеличена на 40%. Так, зерновых культур отгружено 273 фитинговые платформы, продуктов перемола – 879, асбеста – 91.

– Фактически рост объемов контейнерных перевозок – это самый настоящий прорыв в будущее, – комментирует Кенес Дюсекеев. – Ведь за контейнерными перевозками – широкие перспективы, и об этом говорят все железнодорожные эксперты. И очень важно то, что нашим костанайским железнодорожникам удается соответствовать этому глобальному тренду.

Фото автора

ЕСТЬ УЛУЧШЕНИЯ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар



ОСМОТР

В Павлодарском отделении дороги подвели итоги весеннего комиссионного осмотра. По сравнению с прошлым годом количество замечаний уменьшилось на 23 процента.

Ревизоры проверили все структурные подразделения. Руководителями железнодорожных предприятий всех уровней была проведена значительная работа и целый ряд ремонтных мероприятий по подготовке объектов инфраструктуры к работе в летний период. Проверяющие обращали внимание на состояние и обеспечение безопасности движения поездов, трудовой и производственной дисциплины, противопожарной безопасности, подготовки кадрового состава, организацию технической учебы, соблюдение технологии работ предприятий, станций и условия труда.

Особое значение в подготовительных мероприятиях было отведено созданию благоприятного микроклимата на рабочих местах, оздоровлению производственных зданий и санитарно-бытовых помещений филиала.

В ходе осмотра выявлены отклонения в содержании, состоянии пожарной безопасности и охраны труда. Осуществлен мониторинг устранения ранее выявленных неисправностей и замечаний. По сравнению с прошлым годом на 23 процента уменьшилось количество замечаний.

В целях своевременной подготовки работ по переводу локомотивов в летний режим эксплуатации организован и проведен предкомиссионный весенний осмотр локомотивного парка. Определены работы, подлежащие выполнению на весеннем комиссионном осмотре, проверено техническое состояние локомотивов, находящихся в эксплуатации с составлением актов.

НА РАБОТУ – РАНЬШЕ

Ольга СТЕБЛЯНКО,
Усть-Каменогорск



СОЦИУМ

Изменить режим работы для инженерно-технических работников и административно-управленческого персонала предприятий Семейского отделения ГП и Семейского отделения магистральной сети предложили железнодорожники.

Это связано с тем, что после перехода Казахстана на единый часовой пояс UTC+5 с 1 марта текущего года рассвет и закат в Восточно-Казахстанской области стали наступать раньше на час.

Для того, чтобы узнать мнение работников железной дороги, профсоюз в Оскеменском регионе проводит онлайн-опрос в своем аккаунте социальной сети Instagram. Его участники отдали большинство голосов за то, чтобы поменять режим работы для ИТР – с 8 утра до 17.30. Для сменных работников считают правильным оставить прежний режим – с 8 утра до 20 часов вечера.

– Ныне существующий график из-за смены часового пояса с 9 утра до 18.30 с перерывом на обед с 13 часов до 14.30, перестал быть приемлемым, – считает представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева. – В то же время у многих железнодорожников есть приусадебные хозяйства и после работы они занимаются поливом и сбором урожая. Конечно, лучше это делать засветло. В зимнее время и ранней весной в 18.30 в ВКО уже темно. При этом многим нужно встречать детей из школы, забирать из детского сада.

№52 (2982) 21/06/2024

ӘУЛИЕАТАҒА ШОЙЫНЖОЛ ҚАЛАЙ КЕЛДІ?



Биыл Қазақстан темір жолы айтулы датаны атап өтуде. Осыған орай барлық өңір теміржол тарихының деректерін жинап, 120 жылдың шежіресін жасауға өз үлестерін қосуда. Алғашқы теміржол желісі Әулиеата жерінде осыдан бір ғасырдан астам бұрын пайда болған.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Деректерге сүйенсек, Жамбыл өңіріне теміржол желісі 1920 жылы қараша айында жеткені көрсетілген. Бұл – Арыс-Пішпек теміржолы қазіргі Тараз қаласына кірген жыл. Ал кейбір мәліметтерде 1912 жылдың сәуірінде патша үкіметі Арыс-Пішпек теміржолын салу туралы банккерлер мен кәсіпкерлердің бастамасын мақұлдап, шойын жолдың құрылысы Арыс-Шымкент-Түлкібастан өтіп, 1917 жылы

Боранды бекетіне келіп тоқтап қалғаны айтылады.

Тарихқа көз жіберсек, бұл құрылысты орыс капиталісі А.И.Путитов пен теміржол кәсіпкері Н.А.Бунге басқарған. Ал жұмыс 1914 жылдың 15 шілдесінде басталады.

Алайда құрылыс жұмыстары баяу жүріп, бір жылдан астам уақытта теміржол желісі Арыс станциясынан Шымкентке дейін ғана жеткен. 1916 жылдың қаңтарында Манкент станциясына дейін, ал тамызда №9 разъездге дейін жүргізіледі. Дәл осы жол құрылысын салуға

тұңғыш қазақ теміржолшы-инженері Мұхаметжан Тынышпаев қатысқан.

– Теміржол желісі 1917 жылы Бурное станциясына жеткенде тоқтап қалған. Негізгі жұмыстарға Борандыдағы жерасты өткелі біраз кедергі келтірген көрінеді. Осыған байланысты және сол кездегі саяси оқиғалар, революциялық дүмпу, т.б. салдарынан Арыс-Пішпек бағытындағы теміржол құрылысы қазіргі Тараз қаласына 1920 жылы ғана жеткен, – дейді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл жүк

тасымалы бөлімшесі» филиалы ардагерлер кеңесінің төрағасы Бауыржан Найманбаев.

Әрі қарай шығысқа бағыт алған теміржол желісі қырғыз асып, Пішпек станциясы (Бішкек) 1924 жылы ашылды. Қырғыз теміржолы тарихында Пішпекке алғашқы пойыз 1924 жылы 8 тамызда келді деп көрсетіледі.

– Биыл осы Тараз-Бішкек бағытындағы теміржол желісінің іске қосылғанына 100 жыл толып отыр. Көршілес ел бұл датаны атап өтуге дайындалуда. Мерейтойға біздің



өңірден де делегаттар барып қатысады деп жоспарлануда, – деп тарихтан сыр шерткен ардагер теміржолшы Жамбыл өңіріндегі Қазақстан темір жолының 120 жылдығына орай жүргізіліп жатқан дайындық іс-шаралары туралы да мәлімет берді. Айтуын-

ша, қазір Жамбыл бөлімшесі ұзақ жыл теміржолда еңбек еткен ардагерлерді түгендеп, деректер жинап жатыр екен. Өңірде атадан балаға жалғасып, бірнеше буын ұрпағы теміржолда еңбек етіп келе жатқан әулеттер бар. Қазір соларды анықтап, тұтас буынның еңбек жылдарының жалпы жиынтығы есептеліп, тізімі жасалып жатқан көрінеді.

– Жалпы қазақ жеріне келген теміржолдың тарихы 1901-1904 жылдары тартылған «Орынбор-Ташкент» теміржолынан бастау алады. Арысқа дейін келіп, әрі қарай Ташкентке бұрылған ол жол бізге жетпеген. Былтыр Мойынты – Шу теміржол желісінің 70 жылдығын атап өттік. Ал әйгілі Түркісібе биыл 93 жыл толып отыр, бұл магистральдардың қай-қайсысы да маңызды, әлі күнге қазақ еліне қалтқысы қызмет етіп келеді, – дейді ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Спорт

Более 200 спортсменов-железнодорожников из разных регионов страны собрали в Боровом республиканские соревнования АО «НК «КТЖ» по летним видам спорта, посвященные 120-летию железной дороги Казахстана.

СИЛЬНЕЙШИЕ АТЛЕТЫ ҚТЖ

Любовь РОВБА,
Астана

Состязания по настольному теннису, армреслингу, арқан тарту, метанию гранаты и прыжкам в длину с места прошли на спортивной базе «Жаксы-2» в Акмолинской области. За звание сильнейших боролись 18 сборных команд железнодорожников со всех уголков Казахстана, а также станции Илецк. Состав каждой из них включал 11 человек: восемь мужчин, трех женщин, а также инструктора по спорту.

Приветствуя участников на торжественной церемонии открытия, заместитель начальника станции Курорт-Боровое Алтынбек Аманов отметил, что занятия спортом не только укрепляют здоровье, они воспитывают волю, упорство, формируют высокие моральные и духовные качества. Поэтому развитию физической культуры и спорта компания придает особое значение.

Программу соревнований открывали армреслинг и настольный теннис. Когда в борьбу выступают сильнейшие, она выдаетя особенно острой. Так было и в этот раз. В армреслинге, в весовой категории до 65 килограммов, среди женщин победу одержала Анар Ныгметжанова из Семейского региона. А вот в категории свыше 65 килограммов интриги не случилось – в борьбе на руках в очередной раз не было равных чемпионке мира из ҚТЖ Алле Штрошерер.

Среди мужчин в весовой категории до 80 килограммов лучшим стал Айкын Аскарбақыт из Атырауского региона. В категории свыше 80 килограммов не оставил шансов соперникам столичный железнодорожник Руслан Ескенеєв.

Главным призером в состязаниях по настольному теннису среди мужчин стал Рустам Мухаметжанов из Семейского региона. Среди женщин «золота» удостоилась Дана Исмаганбетова из Астаны.

Самым массовым видом программы был арқан тарту (перетягивание каната). Здесь участники не только демонстрировали свою силу, но и командный дух. Лучших выявляли в три этапа – в итоговом поединке встретились команды Кызылординского и Актюбинского регионов. Сильнее были вторые. Таким образом, представители Актюбинского региона Кайыржан Бижанов, Азамат Аманбаев, Айбол



Саменов, Даулет Ермаганбетов и Ербол Ахметов поднялись на верхнюю ступень пьедестала почета. На втором месте оказались железнодорожники из Кызылординского региона. А замкнула тройку лидеров команда из Мангистау. В соревнованиях по метанию гранаты самым метким среди мужчин оказался Темирлан Кажмухамет (Семейский регион). А среди женщин не было равных Алие Кушахановой из Илецка. В прыжках в длину победителем стал Владислав Штрошерер (Костанайский регион). «Золото» среди представительниц прекрасного пола в этом виде программы завоевала Галина Золотухина (Карагандинский регион).

Самым интригующим и волнительным моментом церемонии награждения победителей стало вручение наград командам, занявшим призовые места по итогам всех видов программы республиканских соревнований Казахстана темір жолы по летним видам спорта. Чемпионами компании в год 120-летия железной дороги Казахстана с большим отрывом стали представители Карагандинского региона, получившие главный трофей – кубок за первое место. А вот судьбу второго-третьего места решили 0,5 очка. В итоге «серебро» – у команды города Уральска. В шаге от них, на третьем месте, оказались спортсмены-железнодорожники из Астаны.

Все победители и призеры отмечены медалями, дипломами и памятными призами.

– Нам было приятно видеть все эти дни столько спортивных, энергичных и активных людей, которые заряжали и продолжают заряжать своей жизненной энергией и оптимизмом, стойкостью характера и силой спортивного духа! – поблагодарила участников от лица организаторов главный менеджер департамента социальной политики АО «НК «КТЖ» Акмарал Байғабулова.

Фото автора

ӨНІР ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗ АЛАҢЫ БАР

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі – бұқаралық спортты дамыту. Теміржол саласында бұл бағытта жақсы үрдіс қалыптасқан. Қай өңірде де теміржолшылар арасында түрлі спорттық шаралар, жарыстар, марафон, велошеру, т.б. жиі өтіп тұрады.

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Өткен жұма күні Атырау қаласында жаңа жазғы спорт алаңы ашылып, өлке теміржолшыларына тамаша сый жасалды. Былтыр осындай футбол алаңы Мақатта ашылған болатын. Енді міне, атыраулықтарға да кезек жетті.

Өңір темір жолына қарасты барлық құрылымдық бөлімшелер қала басында шоғырланған. Бірақ бұған дейін олардың спорттық шараларын өткізетін арнайы ойын алаңы болмады. Қысы-жазы қалалық спорт кештерін жалға алып жүретін. Енді ол оңалық жойылып, өлке теміржолшыларының өз алаңы пайда болды. Ол Атырау локомотив пайдалану депосының ат шалтырым кету ауласында салынды. Әрине, бұл жерде кәсіподақ ұйымдарының белсенділігі үлкен қозғау болғанын айта кету керек. Спорт алаңының ашылу салтанатына «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Ғ.Несіпбаев, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» филиалы кәсіподақ төрағасы

Е.Төлегенов, Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы А.Базарғалиев, Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда теміржол бөлімшелерінің кәсіподақ төрағалары, өңір кәсіподақ ұйымдарының өкілдері мен теміржолшылар қатысты.



– Бүгін аймақ теміржолшылары үшін қуанышты күн. Көптен айтылып, көкейде қатталып, көңілде жатталып қалған түйінді мәселе өз шешімін тапты – теміржол мекемесінің өз аумағында жазғы спорт алаңы пайдалануға берілді. «Жұмыла көтерген жүк жеңілі» демекші, аймақтағы теміржол мекемелері кәсіподақтарының «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» бірлескен әрекеті арқасында нәтижеге қол жеткізді. Жаңа спорт алаңы құтты болсын, игіліктеріңізге пайдаланыңыздар! – деп ақ

тілегін арнады Ғафу Несіпбаев. Астаналық қонақ Ермек Төлегенов те жүрекжарды лебізін білдіріп, бес салқындатқыш, бес қысқатолқынды пеш, бес тоқшайнек сыйға тартты.



мердігер мекемесі қараша айында құрылысты бастап, биыл сәуірде бітірді. Бірақ су тасқынына байланысты ашылуы кейінге шегерілген болатын.

Ұйымдастырушылар спорт алаңының ашылуына орай концерттік бағдарлама ұйымдастырып, көптің көңілін көтерді. Теміржол тарихынан қызықты викториналық сұрақтар қойылып, дұрыс шешкендерге сыйлықтар берілді. Сондай-ақ осы істің басы-қасында жүріп, белсенді жұмыс жасағандар қатарында НЖС кәсіподақ төрағасы М.Бисенғалиев, ПЧ-9 кәсіподақ төрайымы Эльмира Бағитова, Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің кәсіподақ ұйымы төрағасы Б.Камиевке «Қазкөліккәсіп»

ҚБ төрағасы О.Ахметбаевтың атынан «Алғыс хат» табысталды. Осы атаулы мерекеге орай және Қазақстан теміржолының 120 жылдығы аясында аталған алаңда екі күн бойына футбол лигасының іріктеу турнирі өтіп, оған аймақтағы теміржол мекемелерінен 12 команда қатысты. Барлық қонақтар футболдың ақырғы ойындарын тамашалады. Ақтық финалға шыққан төрт команда ішінде Атырау локомотив депосының командасы жеңіске жетті.

Қонақтар сол күні Атырау вагон пайдалану депосында да болып, шағын фитнес-орталықтың ашылуына куә болды. Кәсіподақ атынан үстел теннисі, велотренажер, жүгіру тренажери, басқа да спорттық снарядтар тарту етілді. Діп аумағындағы бос жатқан жерге волейбол алаңын салу үшін орын белгіленіп, оған астаналық қонақтар символикалық түрде қада қақты. Келер жылы бұл жерде волейбол алаңы пайдалануға беріледі деген үміт бар.

Суреттерді түсірген автор

УДАР, РАКЕТКА И ПОБЕДА

На стадионе «Локомотив» станции Караганда-Сортировочная прошли соревнования по настольному теннису, приуроченные к 120-летию железной дороги Казахстана на призы Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».

Светлана МОГАЙ,
Караганда

За первенство боролись 10 команд. Согласно условиям игры в составе одной команды должны быть два мужчины и одна женщина.

– Настольный теннис пользуется большой популярностью среди работников железнодорожных структур. В него играют в свободное от работы время. Зачастую игроки проводят за теннисными столами по несколько часов, так как оторваться от этой игры не очень просто, – считает председатель Карагандинского филиала «Казпрофтранс» Яхия Альмусин.

По итогам турнира первое место заняла команда Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо, второе – ТОО «ВЖД»,



третье – сборная НОДГП-4. Жюри также отметило заплывших спортсменов ТЧЭ-14 – ветерана спорта Евгения Сычинского, Юрия Андреева, Галину Золотухину, работников ТОО «ВЖД» – Абая Медиева, Жалғаса Рахымжан, Элину Коруқпаеву, НОДГП-4 – Киру Цхай, заместителя начальника станции Карабас Хабдулла Байкунакова и пенсионера Кайрата Омарова.

Фото автора



ЭСТАФЕТА К ЮБИЛЕЮ

В Экибастузе в спортивной школе №1 прошли соревнования «Веселые старты» среди железнодорожников, посвященные 120-летию железной дороги Казахстана.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

В спортивном мероприятии приняли участие пять команд. Это Экибастузская дистанция пути, дистанция сигнализации и связи, дистанция электроснабжения, Экибастузское эксплуатационное вагонное депо и эксплуатационное локомотивное депо.

– «Веселые старты» у нас всегда проходят весело, эмоционально, потому что все этапы требуют

быстрых движений и реакции, градус добавляють и болевых, – поделилась впечатлениями инструктор-организатор по спорту Павлодарского филиала ОО «Казпрофтранс» Наталья Мартынова.

Победителями стали железнодорожники эксплуатационного вагонного депо, второе место заняла команда дистанции сигнализации и связи, третье – у эксплуатационного локомотивного депо.

Фото автора



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов кеш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылмның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынп, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Карағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.